



№71-72
(19554-19555)
19 МАМЫР,
СЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ

АЭФ: ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Елордада ХІ Астана экономикалық форумы өтті. «Жаһандық сын-тегеуріндер саммиті» атты халықаралық форумның пленарлық отырысына Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, сөз сөйледі. Сондай-ақ, алқалы жиында Халықаралық Олимпиада комитетінің Этика жөніндегі комиссиясының төрағасы, Біріккен Ұлттар Ұйымының сегізінші бас хатшысы Пан Ги Мун, Apple компаниясының негізін қалауға қатысқан тұлғалардың бірі, әйгілі меценат Стив Возняк, физик, футурист және ғылымды дәріптеуші Митио Каку, Goldman Sachs бұрынғы төрағасы, британдық қаржыгер, экономист, философ Джим О'Нил, Францияның экс-президенті Франсуа Олланд, «Яндекс» компаниялар тобының негізін қалаушысы әрі басшысы Аркадий Волож форум тақырыбына қатысты ойларын ортаға салды.

Мемлекет басшысы пленарлық отырыста сөйлеген сөзінде Астана экономикалық форумына қатысу көпшілік үшін игі дәстүрге айналғанын атап өтті.

— Он бірінші рет өткізіліп отырған бұл форум экономиканы, инвестицияның және инновацияның мейлінше өзекті мәселелерін талқылауға арналған. Биылғы форум жаһандық сын-тегеуріндерге лайықты жауап табу мәселелерін де қарастырады, — деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев шиеленісті жағдайлардың көбейгеніне және қазіргі өркениеттің жаңа жаһандық трансформациясына тоқталып, ғаламдық дамудың басты бес мегатрендин атап өтті. Олардың қатарында адам қызметінің барлық салаларын цифрландыру, энергетикалық революция, жер шарындағы тұрғындар санының жылдам өсуі, урбанизация қарқыны мен сипатының және жаһандық еңбек нарығының өзгеруі бар.

Мемлекет басшысы экономиканың жаңа цифрлық моделінің нәтижесі оның ұлғаюына ғана емес, сондай-ақ 2017 жылы бизнес үшін ең қауіпті деп танылған киберқауіпсіздіктің артуына да байланысты екенін айтты.

— Біз де осы жаңа жағдайға бейімделіп келеміз. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру арқылы елімізде цифрлық инфрақұрылымның және IT-экожүйесінің дамуы қамтамасыз етіліп, тұрғындардың 85 процентінің цифрлық сауаттылығы артады. Біз жаңа технологияларды қолдана отырып, 5 жыл ішінде өңдеу секторындағы еңбек өнімділігін 1,5 есе арттыруды жоспарлап отырмыз, — деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев жынға қатысушыларға Қазақстанда «жаңа» экономиканы жүйелі түрде дамытудың негізіне айналған «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен ұйымдастырылған «ӘКС-2017» халықаралық көрмесінің қалай өткені жөнінде әңгімеледі.

Мемлекет басшысы жер шары тұрғындарының саны жылдам өсіп келе жатқанына

тоқталып, базалық ресурстардың шектеулі екеніне және ауыз су тапшылығының артуына байланысты азық-түлік өндірісін көбейту қажеттігін айтты.

— Агроөнеркәсіп кешенінің өнімділігі мен ресурстарды пайдалану тиімділігін айтарлықтай арттыру қажет. Бұл сала енді жоғары технологиялық салалардың біріне айналуға тиіс. Қазақстанда заманауи жетістіктерді қолдана отырып, 5 жылда агроөнеркәсіп кешенінің өнімділігін 2,5 есе арттыру мақсаты қойылып отыр, — деді Қазақстан Президенті.

Сонымен бірге, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанда агломерацияларды дамыту жөніндегі стратегия іске асырылып жатқанын, сондай-ақ Астананың 20 жылдығын мерекелеу барысында өтетін Жібек жолы елдері ірі қалаларының форумы туралы айтты.

Мемлекет басшысы жаһандық еңбек нарығының трансформациялану мәселесіне тоқталып, креативті ойлау қабілетін қалыптастыруға, қажетті ақпаратты тауып, оны дұрыс қолдану қабілеттерін жетілдіруге бағытталған білім беру саласын реформалау жөнінде Қазақстан тарапынан қабылданып жатқан шараларға назар аударды.

— Біз мемлекет қалыптастыру ісінің бастауында «Болашақ» бағдарламасын жүзеге асыруға кірістік. Сол арқылы 13 мың қазақстандық мемлекет есебінен әлемнің үздік университеттерінде оқуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, елімізде әлемдік деңгейдегі университеттер ашылды. Олардың қатарында Назарбаев Университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты және Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті бар. Жаңа «Бес әлеуметтік бастама» арқылы оқу гранттарының саны көбейіп, студент жастардың тұрмыс жағдайы жақсарды, — деді Қазақстан Президенті.

2-бет



ЖАРЛЫҚ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ҚЫРЫМБЕК ЕЛЕУУҰЛЫ КӨШЕРБАЕВТЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ЖАСКА ТОЛҒАН КҮННЕН БАСТАП 2021 ЖЫЛҒЫ 20 МАМЫРДЫ ҚОСА АЛҒАНДАҒЫ МЕРЗІМГЕ ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ.

ИНВЕСТИЦИЯ



КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

«Байқоңыр Солар» ЖШС ұсынған қуаты 50 мВт электр станциясының құрылысы Еуропалық қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі және Таза технологиялар қорының бірлескен жобасы аясында қаржыландырылатын болады. Жаңартылатын энергия көздері саласындағы халықаралық қаржыландырудың бірінші бірлескен жобасы жыл сайынғы CO² (көмір қышқыл газы) шығарылуын 75000 тоннаға азайтуға мүмкіндік береді.

Астанада ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев пен Еуропалық қайта құру және даму банкінің бірінші вице-президенті Юрген Риттергін күн электр станциясын салу жобасын қолдау туралы келісімге қол қойды.

«Байқоңыр Солар» ЖШС күн электр станциясы «Шымкент-Қызылорда» автожолынан 1,8 шақырым қашықтықта Шиели ауданының Сұлутөбе мен Бірқазан елді мекендерінің ортасында салынады. Құрылыс алаңының маңында 600 м қашықтықта «ТҚ-6-Қызылорда» және «ТҚ-6-Шиели-Қызылорда» екі 220 кВ жоғары вольтты электр тарату желісі өтеді. Станция көріні аудандар мен Қызылорда қаласына қызмет көрсететін болады.

Инвестициялар Қызылорда облысында стационарлық күн электр станциясы мен жаңа қосалқы станциясының жобасын әзірлеу, құрылысын салу және пайдалану үшін беріледі. Жаңа жоба CO² газының жыл сайынғы шығарылуын 75000 тоннаға қысқартуға және аймақта қосымша жұмыс орындарын ашып, шетелдік инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ФЕСТИВАЛЬ

РОБОТОТЕХНИКА: ТАЛАПТЫ ТҮЛЕКТЕР ТАБЫСЫ

Қызылордада оқушылар арасында робототехника бағытында ұйымдастырылған облыстық «Robo Fest» фестивалінің жүлдегерлері анықталды. Марапаттау рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысты.

— Бүгінгі шара жастарымыздың жаңа биіктерге ұмтылысын айғақтайды. Өмірімізге, тұрмыс-тіршілігімізге ақпараттық технология, сандық техника деңдеп еніп келеді. Сондықтан жас ұрпақ заманның осы талабына жауап бере алатындай, жаңашылдыққа бейім болуы тиіс, — деді Руслан Рүстемов.

Одан кейін қонақтар оқушылар құрастырған дүниелермен танысты. Фестивальдің бірінші кезеңінде талапкерлер болашақтың энергиясы, қалдықтарды қайта өңдеу сияқты тақырыптардағы ғылыми жобаларды назарға ұсына, келесі кезеңде бес түрлі категория бойынша тапсырмаларды орындаған.

Бақ сынағандардың бірі — Сырдария ауданындағы №36 мектептің 8 сынып оқушысы Дарабек Демесін. Ол аудандық



оқушылар үйінің робототехника үйірмесінің жетекшісі Ақылбек Асқаровтың жөн сілтеп, жол көрсетуімен әртүрлі үлгідегі дүниелерді құрастырыпты. Әсіресе, піл түріндегі жүк көтергіш, еден жуатын техника қызығушылығымызды оятты.

Ал жалағаштық Нұртөре Ахат аудандық оқушылар үйіндегі ағайы Жақұлан Бекмолдаевтың жетекшілігімен бөлме фонтанын, қар тазалаушы техника, робот даяшы жасаған.

Мына техниканың көмегімен қыста көшелегі қарды жинап, сүзгіден өткізіп, суға айналдыру арқылы оны көлік жүйетін орындарында пайдалануға болады. Өйткені ол жерлерде таза судың ысырап болып жатқанын көріп жүрміз. Ал робот даяшы тапсыртысы өздігінен орындап, кафе-мейрамханалардың жұмысын жеңілдетеді алады, — дейді Нұртөре.

Республикалық «Казроботикс» федерациясының облыстағы өкілі Раушанбек Сариев байқауға аймақтағы орта білім ұйымдарынан 80 шақты оқушы қатысқанын, олардың жұмысына тәуелсіз қазылар алқасы төрелік жасағанын жеткізді.

Қазылар алқасы жобалардың бірегейлігі, конструкцияның техникалық күрделілігі, сондай-ақ аз уақыт ішінде тапсырманы мұлтіксіз орындауына мән берді, — дейді Р.Сариев.

Фестиваль нәтижесімен бес түрлі бағыт бойынша І орынды Қазылы аудандық оқушылар үйінің шәкірті Серік Кемал, Қызылорда қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының шәкірттері Жандәулет Бақытбек, Әліхан Сайлыбаев, Мағжан Іскендір және Оралбек Абдуллаев еншіледі. Оқ бойы озып шыққандар арнайы дипломдармен марапатталды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».



ЕЛДІКТІ
СҮЙГЕН,
ЕРЛІКТІ
ҚҰРМЕТТЕГЕН
АЗАМАТ

2



«ӨЗ ІСІНІҢ ӨЗГЕНІҢ
ИГІЛІГІНЕ
АСҚАНЫН
КӨРУ
БІР
БАҚЫТ»

3



БАТЫРХАН
АТЫНДАҒЫ
БАЙҚАУ
МӘРЕСІНЕ
ЖЕТТІ

6

ТАЛАНТҚА ТАҒЫМ

ӘН ӘЛЕМІНІҢ ҚЫРАНЫ ТҰҒЫРҒА ҚОНДЫ

Қызылордада қазақ елінің мақтанышына айналған, дарынды музыкант, ғажап әнші Батырхан Шөкеновтің құрметіне қойылған ескерткіштің ашылу салтанаты өтті. Шараға оның өнердегі әріптестері, «Отан-Ана» конкурсының қатысушылары, қала тұрғындары қатысты.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов сөз сөйледі.

— Батырхан Шөкенов ең алдымен, аса білімді музыкант. Ол атақты Чарли Паркер сынды саксофоншыға еліктеп өсті. Осылай бала Батыр қазаққа тансық аспапта ойнауға ден қойды. Кейін кәсіби білім алды. Музыка әлемінде өзіне ғана ғана тек ерекше мәнерін қалыптастырды. Әншінің даусы да өзгеше ұқсамайтын. Оның бойына бақ пен талантты, ізгілік пен қарапайымдылық қасиеттері қатар дарытқан.

Ол — тек Қазақстанға ғана емес ТМД елдеріне де ортақ талант иесі. Өндері танымалдылыққа ие болды. Бір ғана «Отан-Анасының» алғашқы нотасы ойналған

сәтте-ақ қазақ даласы көз алдына келеді. Міне, талантты ұлына бүгін Сыр елі мәңгілік ескерткіш орнатып, құрметін білдірді. Сонымен бірге бүгіннен бастап саябақ Батырхан есімімен аталып отыр. Бұл кейінгі ұрпақтың мақтан тұтар орнына айналары сөзсіз, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Мұнан кейін «А-Студио» тобының жетекшісі, Қазақстанның мәдениет қайраткері Байғали Серкебаев бала Батырхан жайлы, онымен бірге өткізген талай қызықты шартары туралы айтты. Оның туған жерге деген ыстық ықыласына, ерекше сүйіспеншілігіне сан мәрте куә болғанын жеткізді. Ал, анасы Дилара Ибрагимқызы барлық шараның ұйытқысы болып, атсалысқандарға алғысын білдірді.

Ескерткішті облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов, Байғали Серкебаев және анасы Дилара Ибрагимқызы ашты. Ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Сондай-ақ, саябақта Батырханның суретшілер салған портреттері көпшілік назарына ұсынылды. Көк аспанда Сыр елінің талантты ұлы Батырханның әндері қалықтап тұрды. 18

мамыр — оның туған күні. Көзі тірі болғанда 56-шы көктемін қарсы алар еді.

Ескерткіш жайлы айта кетсек, өткен жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне Батырхан Шөкеновке арналған ескерткіш орнату туралы ұсыныс жолданған. Ұсыныс қолдау тауып, конкурс ұйымдастырылды. Оған 13 эскиздік жоба қатысты. Облыстық комиссияның шешімімен 2 жоба іріктеліп, ол өнер құрылыстарын орнату жөніндегі комиссияда қаралды. Осы екі жұмыстың ішінен мүсінші Мұрат Мансұровтың жобасы тандап алынды. Ескерткіштің жалпы биіктігі — 3,6 метр. Сапалы қола материалы қолданылды. Ескерткіш Астана қаласындағы «Қазақстан көркем комбинаты «ҚазАрт»» ЖШС шеберханасында жасалды.

Сондай-ақ, осы күні Батырхан Шөкеновтің рухына бағышталған ас берілді. Кешке орталық алаңда конкурс лауреаттары мен кеш қонақтарының қатысуымен Гала-концерт өтті.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».



АЭФ: ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС



Нұрсұлтан Назарбаев аталған жаһандық 5 тренд әлемде орын алып жатқан тұрақсыздық жағдайының арта түсуінің негізгі факторлары болып саналатынын және G-Global бастамасын ұсынғанын атап өтті. Бұл бастама G-7 және G-20 бастамаларына қарағанда, барлық елдердің пікірлері мен мүдделерін біріктіруге мүмкіндік беріп, мейлінше теңгерімді шешімдер табудың нақты тәтігіне айнала алады.

— Осы басқосуда орнықты даму, экономикалық теңсіздікті қысқарту, халықаралық сауда-саттықтың жалған ақпарат таратудың, криптовалютаны қолдану мен оны реттеудің жаңа ережелерін айқындау мәселелерін талқылауға бола-

ды. Жаһандық дағдарысқа қарсы шешімдер әзірлеу ісіне бүкіл халықаралық қоғамдастықтың атсалысуы қажет екенін ескеріп, бұл бастаманы Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы алаңда жүзеге асыруды ұсынамыз, — деп түйіндеді Мемлекет басшысы.

Форум аясында Мемлекет басшысы Францияның бұрынғы президенті, Франция Конс титуциялық Кеңесінің мүшесі Франсуа Олландпен, «Apple» компаниясының негізін қалаушылардың бірі Стив Вознякпен, «Яндекс» компаниялар тобының жетекшісі Аркадий Воложенбен кездесіп, түрлі мәселелерді талқылады.

Сондай-ақ, Қазақстан Президенти Нұрсұлтан Назарбаев ХІ Астана экономикалық форумына келген шетелдік жетекші сарапшылармен кездесті.

Кездесуде Эстонияның бұрынғы Президенті Тоомас Ильвес ұлттық экономиканы цифрландыру тәжірибесі жөнінде айтып, цифрлық экономикаға тиімді көшу үшін саяси ерік-жігердің болуы маңызды екенін тоқталды.

Дүниежүзілік сауда ұйымы бас директорының орынбасары Алан Вольф халықаралық электронды сауда жүйесін дамытудың қазіргі ахуалы мен перспективалары жөнінде әңгімеледі.

Еуропа қайта құру және даму банкінің бірінші вице-президенті Юрген Риттерник Қазақстан экономикасының өсімін және оның

қайта құрылып келе жатқанын атап өтіп, еліміздің көлік-транзит әлеуетін, агроөнеркәсіп кешені мен «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызды екенін айтты.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Сауда және даму жөніндегі конференциясының Бас хатшысы Мухиса Китуи Қазақстандағы келендік декларациялаудың жеңілдетілуі есебінен қол жеткізілген оң нәтижелерге тоқталды.

Бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты Раджendra Кумар Пачаури «жасыл» технологияларды дамытудың және кеңейтудің маңыздылығын атап өтті. Ол Астанада өткен халықаралық «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесінің тақырыбы

мен оның нақты нәтижелерінің өзектілігіне назар аударды.

Әлемнің жетекші сарапшыларының баяндамалары тыңдалған соң Қазақстан Президенті жиынға қатысушыларға Астана экономикалық форумына қатысқаны және дөңгелек үстел отырысында айтқан идеялары үшін ризашылық білдірді.

Нұрсұлтан Назарбаев жиынға қатысқан сарапшылардың бәрі Астана экономикалық форумының беделін нығайтуға және оны дамытуға үлес қосқанын атап өтті.

Сонында Қазақстан Президенті Астана экономикалық форумына қатысушыларға тағы да ризашылық білдіріп, олардың ұсыныстары мен идеялары елімізді одан әрі дамыту үшін маңызды екенін атап өтті.

1-бет

ТАРАЗЫ

ҚАЗАҚСТАНДА ОҢДЫ КӨРСЕТКІШТЕР КҮТІЛІП ОТЫР

Экономикаға алдын ала болжам жасау әр мемлекеттің стратегиялық мақсат-мүддесін көздейтін маңызды шараларының қатарына жатады. ҚР Ұлттық банкі осы талапқа сәйкес жылғына 4 рет болжам кезеңдерін жүргізеді. Алынған болжамдар мен бағалар негізінде Ұлттық банк ақша кредит саясаты, оның ішінде базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер қабылдайды. Жуырда ҚР Ұлттық банкі 2018 жылғы 1 тоқсан — 2019 жылғы 3 тоқсан аралығына болжам жасады. Осы кезеңде Қазақстанның басты табыс көзі ретінде мұнай бағасы барреліне 60 АҚШ доллары көлемінде болжанып отыр. Осының негізінде Қазақстанда жылдық инфляцияның көрсеткіші 2018 жылдың 4-тоқсанында 5-7 %, 2019 жылғы 4-6 % көлемінде болжады.

Болжамдарға сәйкес экономиканың өсу қарқыны 2018 жылғы 2,9%-ті, 2019 жылғы 2,8%-ті құрайтын болады.

Инфляцияның тежелуіне байланысты халықтың табысы күткендегіден біршама өсетін болады. Бұл орайда үй шаруашылықтарының табысының өсуіне ықпал жасайтын шаралар қабыл-

данады. Атап айтқанда, шағын несиені беру үрдісі жалғаспай. Ішкі сұраныстың өсімі нәтижесінде импорт өсімі тежеледі. Қорыта айтқанда, Қазақстан экономикасының өсімі 2018-2019 жылдары ішкі мүмкіндіктердің есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Жалпы Қазақстан бойынша көзделіп отырған өсімнің Ұлттық банк пен халықаралық қаржы институттарының болжамдарына сәйкес келетінін атап өткіміз келеді.

Дүниежүзілік банк сарапшыларының есебінше, 2018 жылы Қазақстан экономикасының өсімі 2,6 процентті құрайтын болады.

Дүниежүзілік банк 2018 жылға арналған әлемдік экономиканың перспективалары туралы баяндамасын жария етті. Онда мемлекеттердің экономикалық өсіміне болжам жасалған. Баяндамада Қазақстан экономикасының өсу қарқыны қалыпты болады делінген. Болжам бойынша мұнай өндіру көлемінің ұлғаюы және салықтық-бюджеттік ынталандыру әрекеті бір реттік шаралар тиімділігінің әлсіреуіне байланысты Қазақстан экономикасының

өсімі 2,6% деңгейінде қалыптасады. Жалпы банк сарапшыларының болжамына, 2017 жыл күткендегіден әлдеқайда табысты болған. Осының нәтижесінде 2018 жылғы әлемдік экономиканың өсу қарқыны 3,1%-ға дейін жетуі мүмкін. Мұндай өсім инвестициялардың одан әрі қалпына келуінің және сауда, өнеркәсіп салаларындағы серпілістің, сондай-ақ шикізат бағасы тұрақтылығының нәтижесінде мүмкін болмақ.

Биыл әлемнің дамыған елдеріндегі экономикалық өсім қарқыны сол-пол (2,2%) төмендейді. Бұған орталық банкілердің дағдарыстан кейінгі қаржылық ынталандыру бағдарламаларын кезек-кезегімен қысқарту және оларды тұрақтандыру үшін бөлінген инвестициялар көлемінің өзгеруі әсер етеді. Ал нарықтық экономиканы қалыптасып жатқан елдер мен дамушы мемлекеттердегі экономиканың өсу қарқыны жазғы алғанда 2018 жылғы 4,5%-ға дейін өседі. Сарапшылардың болжамына, мұндай өсімге мемлекеттердегі іскерлік белсенділіктің үздіксіз қалпына келуінің нәтижесінде қол жеткізіледі.

«Әлемдік экономиканың өсу қарқынының барынша қалпына келтірілуі көңілге сенім ұялатады. Алайда қазір төкпейсіңіз уақыт емес. Себебі бүгінде адами және физикалық капиталдарға инвестиция салуға тамаша мүмкіндік туып отыр. Егер әлем саясаткерлері осынау маңызды инвестицияларға көңіл аударса, онда мемлекеттер өнімділікті еселеп, экономикалық белсенді халықтың үлесін айтарлықтай арттыра алады», — деп мәлімдеді Дүниежүзілік банк тобының президенті Джим Ён Ким.

Дүниежүзілік банк сарапшыларының болжамына сүйенсек, 2018 жыл қаржылық дағдарыстан кейін әлемдік экономика толық қуатта жұмыс істейтін алғашқы жыл болады. Сонымен бірге сарапшылар мемлекеттер қысқарғандықтан экономикалық өсімді ынталандырудың жолдарын қарастыру қажеттігін айтады.

«Жұмыссыздық көрсеткіші дағдарысқа дейінгі деңгейге қайта оралады. Дамыған және дамушы елдердің экономикалық жағдайы жақсаруға. Соған қарамастан, саясаткерлер экономикалық өсімді қолдаудың жаңа тетіктерін табуы

қажет», — деп Дүниежүзілік банктің экономикалық даму перспективаларын зерттеу департаментінің директоры Айхан Косе.

Жалпы, Еуропа және Орталық Азия өңіріндегі экономикалық өсім 2017 жылғы болжамнан асып түсіп, 3,7%-ды құраған. Ал 2016 жылы бұл көрсеткіш небәрі 1,7%-ға тең болды. Мұндай жетістікке қол жеткізу 2014 жылы мұнай бағасының күрт төмендеуінен кейін үш жылдық өте баяу өсімнің нәтижесінде мүмкін болды. Бұл ретте шикізатты импорттайтын елдерде де, экспорттайтын елдерде де өсім байқалған. Ал экономикалық белсенділікті қалпына келтіруге ықпал еткен негізгі факторлар — жеке тұтыну және инвестициялар болып табылады.

Еуропа және Орталық Азия өңірінде экономикалық өсімді күрт артқан мемлекеттің бірі — Қазақстан. Біздің елдегі өсім 2016 жылғы 1,1%-ға тең болса, бытыр 3,7%-ды құрады. Мұндай елеулі өсім Қазақстан кен орнындағы мұнай өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты болды.

Ж.Ә.ІМАХАН.

БРИФИНГ

ҚАУІПСІЗДІК ҚАПЕРДЕН ШЫҚПАУЫ ТИІС

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті брифингте жазғы маусымда судағы төтенше жағдайлардың алдын алу тақырыбы қозғалды. Шараға ТЖД төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің басшысы, азаматтық қорғау қалғаны Жанлос Досымов, Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел құтқару жасағының басшысы Бақыт Ембергенов, ТЖД төтенше жағдайларды жою бөлімінің басшысы Әлімжан Марданов қатысты.

— Суға түсу маусымы басталысымен көбіне қайғылы жағдайлар орын алып жатады. Оның басты себебі — адамдардың қарапайым суға түсу қағидаларын сақтамауынан. Оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында біз жүйелі жұмыстарды жолға қойдық, профилактикаға баса мән берілуде. Тұрақты түрде жүргізіліп келе жатқан үгіт-насихаттық рейдтерге қарамастан, суда қаза болғандардың саны үдей түсуде. Облыс бойынша өткен жылы 26 адам суда қаза болған, оның 7-і — бала. Сонымен бірге құтқару қызметі 5 адамның өмірін арысалап қалды, — деді Ж.Досымов.

Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел құтқару жасағының басшысы Бақыт

Ембергенов те тыйым салынған орындарда суға түсу, балаларды қараусыз қалдыру, ішімдік ішу және судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың арты қайғыға душар ететінін жеткізді. Спикер тұрғындарға тек рұқсат етілген аймақтарда ғана шоғылуда болатыны ескертілгенмен, оны елемейтіндердің көптігін алға тартты.

Мамандардың айтуынша, облыс бойынша заңды түрде жұмыс жасайтын 3 жағажай тіркелген. Бірі — Шиеді кентінде, қалған екеуі қала аумағындағы «Арай» шағын ауданында және Белкөл кентінде орналасқан. Қазіргі таңда жасақ мамандары алдын алу шараларына басымдық беруде. Өткен жылы олар — 2136, биыл 208 балаға суда жүзуді үйреткен. Сонымен қатар қазір халық көп шоғырланған орындарда жылжымалы қулақтандыру бекеті арқылы үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен, тұрғындар тілсіз жаудың аранына түспес үшін қауіпсіздікті бірінші орынға қою қажет. Сақтансаң, сақтайды. Бұл жерде әр азамат өз өмірі үшін жауапты екенін ұмытпағаны абзал.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Берікбол Байхожаевтың қатысуымен баспасөз мәслихаты өтіп, онда ол Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндама көрсеткіштері жайында, өңіріміздегі сыбайлас жемқорлық жағдайы жөнінде баяндады.

ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА КӨРСЕТКІШТЕРІ

Әлеуметтік зерттеу қорытындыларына сәйкес Қазақстанның 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын орындаудың бірінші кезеңі шараларын әлеуметтік қолдау екенін. Мәселен, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сенім деңгейі 2015 жылы 57,9 процент, орталық мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына 64,8 процент, жергілікті атқарушы органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына 51 процентті құраған болса, 2017 жылы 2015 жылмен салыстырғанда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сенім білдірген азаматтар үлесі 17,9 процентке өскен.

Өткен жылы республика бойынша тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ішінде басым бөлігі, яғни, 51 проценті (1245) — паракорлық, 21 проценті — жымқыру мен алаяқтық болса, 16 процентін қызмет екілеттігін теріс пайдалану фактілері құраған. Біздің облыста биылғы жылдың алғашқы тоқсанында 39 сыбайлас жемқорлық қылмысы орын алған. Берікбол Ұзақұлы бұл көрсеткіштің бытырғы

жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 17% төмен екенін айтты.

— 2015 жылы қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың қазіргі заманғы жаңа әдістері мен тәсілдерін қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Елімізде сервистік мемлекет құру негіздері қаланды. Бұл дегеніміз, мемлекеттік қызметтердің сапасын көтеру және қызмет көрсетуді жетілдіру мәселелері жемқорлыққа қарсы саясаттың маңызды бағыттарының бірі болды деген сөз. Мемлекеттік қызмет саласындағы биылғы жылдың басты жаңалықтарының бірі — Мемлекет басшысына алған рет Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы Ұлттық баяндама ұсынылғаны. Ұлттық баяндамада елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың жай-күйі, әлемдік аренадағы еліміздің жемқорлыққа қарсы саладағы орыны мен оны алдын алу бағыттары айқындалды, — деп атап өтті Б. Байхожаев.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».

Айлардың сұлтаны — Рамазанның алғашқы тәулігі қараылтөбеліктер үшін сауапты іспен басталды.

ЕЛДІКТІ СҮЙГЕН, ЕРЛІКТІ ҚҰРМЕТТЕГЕН АЗАМАТ

Бейсенбі күні қала іргесіндегі Қарауылтөбе елді мекенінің орталығынан Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған Құрмет алаңы ашылды. Шарапатты шараға «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары И.Құттықожаев, қала әкімінің орынбасары Ш.Байманов, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Әбішев келіп, ауыл тұрғындарын Рамазан айымен, ардагерлерге жасалып жатқан игілікті істің бастауымен құттықтады. «Ерлік өлмейді, бүгінгідей құрмет жасалып жатқан игілікті елді бастауымен құттықтады. «Ерлік өлмейді, бүгінгідей құрмет жасалып жатқан игілікті елді бастауымен құттықтады. «Ерлік өлмейді, бүгінгідей құрмет жасалып жатқан игілікті елді бастауымен құттықтады.

Қонақтар мен ардагерлер ескерткіш белгінің көк желегін қиған соң ауыл имамы дұға жолдап, жиналған жұртшылық бас тұғырға гүл шоқтарын қойды. Ескері сап түзеген мектеп оқушылары рухқа

азамат. Осыдан біраз уақыт бұрын ақсақалдар алдына келіп, ауылға не керек екенін ақылдасты. Ақсақалдар «өлі разы болмай, тірі байымас» дегендей, ардагерлерге бір белгі қойсақ, бұл іс жастардың рухын көтеретін бір игілік болар еді дегенге тоқтаған. Кәсіпкер осы істі қолға алып, өз күшімен орындап шықты. Осы ауылдан 68 кісі майдаға аттанып, соның 43-і қайта оқылмаған екен. Бұл орын алдағы уақытта жасыл желекке оранатын болады. Өмірге жаңа қадам басқан жастардың тағзым етіп, ауыл адамдарының тынығатын саясына айналды», — деді ауылдық округ әкімі Елмұрат Рахматуллаев.

Қонақтар мен ардагерлер ескерткіш белгінің көк желегін қиған соң ауыл имамы дұға жолдап, жиналған жұртшылық бас тұғырға гүл шоқтарын қойды. Ескері сап түзеген мектеп оқушылары рухқа



Ауыл ортасынан 36 сотық жер алып, оған тастуғыр тұрғызып, осы ауылдан шыққан 68 соғыс ардагерлерінің атын қашап жазған қайырлы істі «Нұр-Ай» ЖШС директоры Сейітқали Алшынобаев атқарыпты.

«Сейітқали ағамыз — осы ауылдың көркеюіне атсалысып отырған

құрмет жасап, болашақ Отан қорғаушылары екенін танытты.

Соғыстың от-жалының кешкен жауынгерлердің ұрпақтары көздеріне жас алып, аталарының атын тасқа қашаған кәсіпкер Сейітқали Алшынобаевтың ыңына шапан жауып, алғыс жаудырды.

Д.БЕРКІНБАЕВ.

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен Халықаралық отбасы күні мерекесі аясында жас отбасыларды құттықтау мақсатында шара өтті. Басқосуды облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Еркебұлан Меңлібаев ашып, қатысушыларды мерекемен құттықтады.

— Тәуелсіздік алған жылдардан бері елімізде отбасы құндылықтары назардан тыс қалған емес. Керісінше, маңызды күн санап артып келеді. Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген дана сөз бар. Отбасында ата-ананың орыны ерекше. Баланың басты ұстазы өз ата-анасы болғандықтан, шаңырақтан алған тәрбие — ел болашағының кепілі. Елбасы да «Отбасы — Қазақстан қоғамының дүңгейі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі» деп бұл мәселенің біздің қоғам үшін маңызын көрсетіп берген болатын. Бүгінгі шара осы отбасы құндылықтарын дәртітеу, үлгілі отбасыларды, үлкендеріміздің көрсетіп отырған өнегесін жастарға көрсету, сонымен қатар бұл мерекенің мән-маңызын артты-

ру мақсатында ұйымдастырылып отыр, — деді басқарма басшысы. Мұнан соң сөз алған Сырдария ауданы, Аманкелді ауылынан келген «Жадыра» халықтық әжелер ансамблінің мүшелері Бисенгүл Иманбетдиева, Сапаргүл Есмағанбетова, Пернегүл Ахметова, ансамблдің көркемдік жетекшісі Гүлзакира Аманжолкелі, «Сыр аналары» кеңесінің төрайымы, облыстық тілдерді дамыту орталығының директоры Нұрсұлей Мұсаевалар жастарға отбасы құндылықтары мен бала тәрбиесіндегі ата-ананың орыны жайлы сөз етіп, өз ойларын ортаға салды.

Шара соңында қатысушылар құттықтау хаттармен марапатталып, естелік сыйлықтарға не болды.

Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

СЕМИНАР

БІЛІКТІ МАМАН — СЕНІМДІ КАДР

Жуырда «Мемлекеттік қызметшілерді жаппай құқықтық оқыту» тақырыбында семинар өтіп, оған қала әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілері қатысты.

Бүгінде «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының облыс бойынша филиалы «ҚР 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат» тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге жаппай құқықтық семинар ұйымдастыруда. Аталған жиында норма шығармашылығы қызметін жетілдіру, әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауапкершілік кодексі, бюджеттік кодекстің өзгерістер, төртінші деңгейлі бюджеттің енгізу мәселелері, мемлекеттік сатып алу ұйымдастыру және басқару тәсілдері, еңбек құқықтық қатынастары тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Бил мемлекеттік сатып алу заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Мемлекеттік сатып алу заңнамасында өзгерістер болған жағдайда алдымен тікелей шарт жасау жолымен бір көзден сатып алу тәсілдері қысқартылмақ. Сондай-ақ, 1 қаңтардан бастап төртінші деңгейлі бюджет енгеніне байланысты заңда өзгерістер орын алады.

Семинар барысында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың тәжірибелік дағдыларын түсіндірумен қатар, әкімшілік-құқықтық нормалардың мазмұны, бюджеттік жоспарлаудың қолданыстағы практикасы талқыланды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

АРАНДАТУШЫЛЫҚ АЛЫСҚА АПАРМАЙДЫ

Бұдан бұрын ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде хабарлағанындай, Астанадағы Есіл аудандық сотының шешімімен «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысы экстремистік ұйым деп танылған болатын. Осыған орай Бас прокуратура

«Қазақстанның демократиялық таңдауы» атты тіркелмеген қозғалыстың заңсыз қызметін анықтады. Қылмыстық табыстарды заңдастыру фактілері бойынша бірқатар еуропалық елдерде Әзілзовқа қатысты тергеу жүргізілуде. Ұлыбританияда Лон-

дон қаласының Жоғарғы сотының шешімімен Әзілзов пен оның сыбайластарынан 4 млрд АҚШ доллары өндірілген.

Осыған қарамастан олар Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарын бұзып, конституциялық құрылысты күштеп

өзгертуді насихаттау мен үгіттеу бойынша заңсыз әрекетін жалғастыруда. Интернет желілері, мессенджерлер, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік топтарға паракшиалар таратуда.

Бұл әрекеттер «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заң бойын-

ша саяси экстремизм болып саналады және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыс ретінде қудаланады», — делінген бұл орайда бас прокуратураның мәлімдемесінде.

Қазақстанда қазір сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары жан-жақты жүргізілуде. Ол

нәтижесіз де емес. Инфляцияны тежеу бойынша Үкімет пен Ұлттық банк тарапынан тиісті шешімдер қабылданып жатыр. Халықаралық қаржы институттарының, оның ішінде халықаралық валюталық қорының болжамы бойынша Қазақстанда өсімнің болмауы деңгейі алдағы 3-4 жылдың белерінде сақталуы мүмкін. Бұған әлемде болып жатқан әртүрлі жағдайлардың

әсері бар. Осыған байланысты әлемдік деңгейде орын алып отырған осындай келесіздіктерді пайдалану, елді бүлінушілікке шақыруды, бірлігімізге сызат түсіруді көздейтін базбір арандатушылық әрекеттерден сақтануымыз қажет. Бұл орайда ҚР Бас прокуратурасы бұл ұйымға қатысқан немесе қолдау білдіргендер қылмыстың жауапкершілікке тартылатынын да ескертті.

ЕҢБЕКТЕГІ АЛҒЫ ШЕПТІҢ ЕРЛЕРІ

Тарихтан адамзат игілігін қиратушы, тоқыратушы дәуірлердің өткенін білеміз. Құрылысшы мамандығы – қайта жасаушы, жанартушы адамдардың қауымдастығы. Құрылысшы қолы болмаса, өмір өзгермес еді, тіршілік түлемес еді. Адам жаны екі жағдайда тыныш – дені сау болса, баспанасы болса. Сондықтан денсаулық сақшыларын «ақ желеңді абзал жандар» деп ардақтап, құрылысшыларын құрмет тұтқан қоғам оларды «алтын қолды» деп дәріптеген. Дәл осындай көңіл мақтауын арнағымыз келіп отырған «ҚазҚұрылыссервис» ЖШС қандай марапатқа да олқы түспейді.

Өміршең саланың табысын өрге сүйреп келе жатқан құрылыс компанияларының бірі – «ҚазҚұрылыссервис» серіктестігінің аты өңір жұртшылығына жақсы таныс. І-ші санатты мемлекеттік лицензиясы бар серіктестік өзі құрылған 2006 жылдан бері 40-қа жуық нысанның бой көтеріп, осынша нысанның күрделі жөндеуден өтуіне, инфрақұрылымдар мен ауызсу жүйелерінің қайта жаңғыртылуына тікелей жұмыс жасады.

Мысалы, Шиелі ауданы Қосүйеңкі ауылындағы мектеп пен балабақша, Қызылорда қаласы Жаппасбай батыр көшесіндегі екі 50 пәтерлік үй, Жосалы кентіндегі 250 адам қабылдауға арналған емхана, Әйтеке би кентіндегі



Қызылорда облысы – «Өңірлерді дамыту – 2020», «Өз үйім» бағдарламалары бойынша республикада алдыңғы орынның бастаушысы болып келе жатқан аймақ. Қызылорда қаласының өзінде санаулы жылда 14 шағын ауданның бой көтеруі, міне, осының көрсеткіші. Еліміздегі индустриялық-инновациялық дамудың жаңа келбетке енуі де құрылыс жобаларының іске асуымен байланысты болып отыр. Елбасының құрылысты экономиканың локомотиві деп атауында терең мән жатқанын түсіне білген құрылысшыларды қашан да еңбек майданының алдыңғы легінен көріп келеміз.

Айдарбек Сейітмұратов:

«ӨЗ ІСІҢНІҢ ӨЗГЕНІҢ ИГІЛІГІНЕ АСҚАНЫН КӨРУ БІР БАҚЫТ»

ті де, терезені де өзі соғады. Бетонды да қоса құяды. Жол жөндесе де, барлық керек-жарағы өз иелігінен табылады. Құрылыс заттарының өндірісін қоса алып жүрген мекеменің жұмысы да тоқтамайды.

Білікті басшы – үлгілі отбасының да иесі. Зайыбы Ақманат Манарбаева мекеменің қаржы директорылығы қызметін атқарып, өзімен қанаттасып келеді. Екеуі екі ұл, бір қыз өсіріп отыр.

Кейде балаларының ортасында отырып, әкесінің тәлімді сөздерін еске алады. «Құлдай қимылда, бидей іш» деген заманына жеткен секілді. Бірақ, ешқашан тоқмейілісп көрмеді.

Ендігі парызы – сол асылдардан алған адамдық құндылықтарды балаларының бойына сіңіру.

СОЛ ЖАҒАЛАУДАН СОҚҚАН ЖЫЛЫ ЛЕП

Бұрын Сырдарияның қала жақ бетінен қарағанда дария толқынынан мүжілген жарқабақ пен мүлгіген тоғай ғана көрінуші еді. Осы күндері сол жағаға қайта-қайта көз салағын болдық. Күн сайын етегі жазылып, еңсесі тіктеліп келе жатқан сол жағалаудағы Қызылорданың жаңа бейнесін көргенше асығатын секілдіміз.

Ең дарияның ағысы мен еңбек ырғағы жарыса толқыған аймақтан біз алдағы жылдары әкімшілік, мәдени-спорттық, сауда орындарын, «Болашақ» университетінің заманауи ғимаратын, балабақша, мектеп, емхана, дендросаябақ, мегаорталық, 3 млн шаршы метрді құрайтын тұрғын үй аудандарын көретін боламыз.

Осы көзайым жетістіктерге біз айтып отырған «ҚазҚұрылыссервис» серіктестігінің де қосып отырған үлесі бар.

Жақында сол жағалаудың жұмысы қызып жатқан алаңдарының біріндегі Айдарбек Сейітмұратов басқаратын серіктестік салып жатқан

Олар – ортақ істің абыройын асырып, көптің жұмысын жеке мүдделерінен биік қоя білген білікті мамандар.

КӨЗ ҚОРҚАҚ, ҚОЛ БАТЫР, ОЙ АЛЫС, ІС ЖАҚЫН

Жас күнінен еңбекпен жетілген Айдарбек Сейітмұратов та – ауыл баласы. Әкесі Еңтай асқақал «Құлдай қимылда, бидей іш» деп айтып отырушы еді. Осындай сөзді санаға тоқыған ойын баласы барлық нәрсенің еңбекке тәуелді екенін танып өсті. СССР-дің 50 жылдығы атындағы кеңшардың орта мектебін алтын медальмен бітірді. 1982-ші жылы Шымкент денешынықтыру және спорт техникумына оқуға түсті. Туған ауылына келіп, мектепте сабақ берді. Мұнан кейін Қызылорда пединститутын қызыл дипломмен бітіріп, инженер-механик мамандығын алып шықты.

Елге пайдам тиеді деген мезгілге келіп жеткенде қоғам өзгерістерге ұшырап, өмір сатты мүлде басқа арнаға бұрылды. Тіршілік тіні арқандай тарқатылып, жұмыссыз қалған жұрт тұрымтайдай тұрмысын күйттеп кетті. Совхоздың жұмысымен күн созып тірлік кешкен жұрт нарық қос бүйірден қысқанда қай жаққа қарай жүрерін білмей дал болды. Айдарбек дәл осы кезде кәсіппен айналысу керек екенін ұқты. «Мектепті алтынға, институтты қызылға бітіргенім тамақ тауып, ішіп-жеуге ғана жарағаны ма?» деп ойға қалған жас жігіт алдына нақты мақсат қойды. Ең болмаса алақандай ауылға пайдамды тигізейін деді.

Сөйтіп, ол алдымен ауыл ортасынан дүкен ашып, азық-түлік, киім-кешек әкеліп сатты. Ол кезде бағасы арзан жер іздемейді, бар жер іздейді. Бірде қолындағысына күн қосып сатса, кейде «рахметке» беріп кетеді. Әйтеуір пайдасыз болмайды. Бірақ ұсақ сауданың айналасында қалып қойғысы келмеді. Келе-келе, жүк көліктерін жалдап, солтүстік облыстарға күріш апарып, жаңа жұмыс бастады.

Баяғыда үлкен кісілер «көз қорқақ, қол



150 төсектік аудандық аурухана, Жанакорған ауданы Қожамберді ауылындағы 200 орындық мектеп, көптеген елді мекендердегі медициналық тректер – серіктестіктің серпінді жұмыстарының нәтижесі.

Мекеме облыстан тыс жерлерге де барып, құрылыс механизмі мен автокөлік құралдары қызмет етеді. 200-ге жуық жұмысшы-қызметкер еңбек ететін ұжым басшылығы өз мүшелерінің әлеуметтік жағдайын шешуді де жолағ қойған.

Тапсырылған нысанды мерзімінде әрі сапалы аяқтаған учаске басшыларын марапаттап отыруды дағдыға айналдырған серіктестіктің бас директоры Айдарбек Сейітмұратов мекеме табысын өз қызметкерлерінен аяған емес. Жұмысты үлгілі ұйымдастырғандар астына көлік те мініп жатыр.

Ұжым басшысы болашағынан үміт күттіретін жас мамандардың білімін көтеруді, тұрмысын түзеуді өзінің бір міндеті санайды.

Сонымен бірге, компания қайырымдылық жасаудың сауабын да ұмытқан емес. «Иман-2013», «Рухқа тағзым», «Сырдария» қоғамдық қорларына, дзю-до федерациясының облыс бойынша қоғамдық бірлестігіне, облыстық тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығына, денсаулығында кінәраты бар балалар қорына, басқа да мұқтаждыктарға қаржылай көмек қолын созған мекеменің бұл игілікті ісі көпке үлгі.

Мекемедегі қызметкерлерінің бір ауыздан облыс айнасы – «Сыр бойы» мен «Қызылординские вести» газетіне жазылатындығы да біз үшін олардың туған жерге деген сүйіспеншілігінің бір көрінісі секілді сезілді.

Серіктестіктің жұмысында да, ұжымның ішкі ауызбіршілігінде де – бас инженер Өтепберген Рахманбаев, бас бухгалтер Жадыра Ахантаева, есепші Нұрғұл Оразова, бөлім басшысы Хатира Тұяқбаева, бас механик Сейітбек Сейітмұратов, учаске басшылары Владимир Ким, Бақыт Қозыбаев, қойма менгерушісі Азамат Құрманов, менеджер Нұрдаулет Төребеков сияқты тәжірибелі мамандардың өз орны бар.



БАТЫРХАН АТЫНДАҒЫ БАЙҚАУ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, эңшикомпозитор Батырхан Шөкенов атындағы ІІ республикалық «Отан-Ана» байқауы өтті. Облыс әкімдігінің қолдауымен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен конкурс Астана қаласының 20, Қызылорда қаласының 200 жылдық мерекесіне арналды.

Ұлттық эстрададағы тұтас бір дәуірдің бастауында тұрған Батырхан Шөкенов өнер көгінде еркін самғады. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары Қазақстанда жарқырап танылған, кейін Ресей эстрадасының жұлдызына айналды. Оның ешкімге ұқсайтын қайталанбас қалпы, әндері тыңдармандарының жадында мәңгі жаңғыра бермек. Осы орайда Қызылорда қаласында, Батырхан Шөкенов атындағы «Отан-Ана» республикалық байқауы дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді.

Алдыңмен әншінің шығармашылығы мен ән мұрасын дәріптеуге арналған конкурста арнайы шақырылғандар баспасөз конференциясын өткізді. Қазылар алқасының құрамында Сағынай Абдуллин, Дильназ Ахмадиева, Ринат Гайсин, Рүстем Нұржігіт секілді өнер жұлдыздары бар. Жиында облыс әкімінің кеңесшісі, қазылар алқасының төрағасы Ержан Әбдірахманов биыл



екінші рет өтіп жатқан байқаудың негізгі мазмұнына тоқталды. Келген қонақтарға алғысын білдіріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ал, Б.Шөкенов атындағы қордың директоры Олжас Байканов «В нас вселяют любовь» атты бұрын еш жерде орындалмаған 13 ән енген альбом жарыққа шыққалы жатқанын айтты.

– Соңғы жылдары біз Батырдың жаңа альбомы бойынша жұмыс жасаудамыз. Жинаққа ешкім естімеген жаңа әндер енеді. Бұл әндер жинағы Мәскеуге де жеткізіледі. Жинақтың жарыққа шығуына үлкен топ белсенді жұмыс жасады, – делі О.Байканов.

Батырхан Шөкеновті өнердегі ұстазы санайтын композитор Ринат Гайсин әншімен тығыз әріптестік байланыста болғанын жеткізді.

– Музыкант болу кез келген адамның қолынан келмейді. Қазір әнші көп. Бірақ нағыз әнші аз. Батыр тұма талапты иесі еді. Оның өнерде өзіндік жолы болды. Батырдың әндерін кез келген әншінің өзі орындай алмайды. Біз ұзақ уақыт бірлесіп жұмыс жасадық. Батырға арнап бірнеше ән шығардым. Мәселен, бүгінгі конкурста оған арнап

жазылған «Астана» әні орындалады. Осы байқау аяқталған соң Прагаға барып, студия архивінде сақтаулы тұрған бірнеше әннің жаңартып, қайта өңдеуді қолға алғалы отырмын, – делі Р.Гайсин.

Одан әрі Батырхан Шөкеновпен «Арай» тобында бірге өнер көрсеткен Сағынай Абдуллин әнге құштар Батыр жайлы әңгімеледі. Өнерде ағалық қамқорлығын көрген шәкірттері Дильназ Ахмадиева мен Рүстем Нұржігіт «Отан-Ана» конкурсының жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айтып, мұндай байқаулар жастарға берілген үлкен мүмкіндік екенін жеткізді.

Конкурста еліміздің барлық өңірлерінде және Өзбекстан мемлекетінен 25 орынға санайтын композитор Ринат Гайсин әншімен тығыз әріптестік байланыста болғанын жеткізді.

– Музыкант болу кез келген адамның қолынан келмейді. Қазір әнші көп. Бірақ нағыз әнші аз. Батыр тұма талапты иесі еді. Оның өнерде өзіндік жолы болды. Батырдың әндерін кез келген әншінің өзі орындай алмайды. Біз ұзақ уақыт бірлесіп жұмыс жасадық. Батырға арнап бірнеше ән шығардым. Мәселен, бүгінгі конкурста оған арнап

жазылған «Астана» әні орындалады. Осы байқау аяқталған соң Прагаға барып, студия архивінде сақтаулы тұрған бірнеше әннің жаңартып, қайта өңдеуді қолға алғалы отырмын, – делі Р.Гайсин.

Одан әрі Батырхан Шөкеновпен «Арай» тобында бірге өнер көрсеткен Сағынай Абдуллин әнге құштар Батыр жайлы әңгімеледі. Өнерде ағалық қамқорлығын көрген шәкірттері Дильназ Ахмадиева мен Рүстем Нұржігіт «Отан-Ана» конкурсының жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айтып, мұндай байқаулар жастарға берілген үлкен мүмкіндік екенін жеткізді.

Конкурста еліміздің барлық өңірлерінде және Өзбекстан мемлекетінен 25 орынға санайтын композитор Ринат Гайсин әншімен тығыз әріптестік байланыста болғанын жеткізді.

– Музыкант болу кез келген адамның қолынан келмейді. Қазір әнші көп. Бірақ нағыз әнші аз. Батыр тұма талапты иесі еді. Оның өнерде өзіндік жолы болды. Батырдың әндерін кез келген әншінің өзі орындай алмайды. Біз ұзақ уақыт бірлесіп жұмыс жасадық. Батырға арнап бірнеше ән шығардым. Мәселен, бүгінгі конкурста оған арнап

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».



МИНИСТРДЕН МАРАПАТ АЛДЫ



Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Қалмұханбет Қасымов жуырда Астанада әртүрлі төтенше оқиғалар кезінде ерлік жасаған балаларды марапаттады. Олардың арасында жанақорғандық Сержан Әбдірейім де бар.

Сержан ауылдағы №51 орта мектептің 11-сыныбында оқиды. Оқиға былай өрбеген. Өткен жылдың желтоқсан айы. Құн қақпа тұр. Сержан сабақтан қайтып келе жатып «құтқарыңыздар!» деген дауысты естіді. Дауыс шыққан жерге жүгіріп жетсе, көлдегі мұз жарылып, шамамен он жастағы бала соған түсіп кеткен екен. Сержан әрі-бері талпынып көреді, бірақ шығаруға шамасы жетпейді. Баланың киімі зіл тартып, әбден ауырлап кеткен. Абырой болғанда, сол жерден өтіп бара жатқан екі жігіт көмекке ұмтылады. Олар үйлерінен арқан алып келгенмен, тартып шығара алмайды. Ақыр соңында Сержанның мұзлай суға өзі түскеннен басқа амалы қалмайды. Мұхамедті осылайша аман алып шығып, үйіне жеткізіп, алғысқа бөленеді.

Сержан – Жанақорған ауданының құрметті азаматы Жасығұл Бегманованың немересі. Жастығына қарамастан, батырлық пен қайсарлықтың үлгісін көрсете білген оны мектебі, ауылы мақтан тұтады.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

ЗИЯНДЫ ӘДЕТКЕ ЖУЫМА

Жуырда «Жастар денсаулығы» орталығы мамандарының қатысуымен «Зиянды әдеттер және олардың алдын алу» тақырыбында ақпараттық кеңес беру шарасы өтті. Оған М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледждің №177 топ студенттері мен топ жетекшілері қатысты.

Шара барысында «Жастар денсаулығы» орталығының қоғамдық денсаулық дәрігері М.Бақытқызы, валеолог Г.Айтмағанбетқызы қатысушыларға зиянды әдеттер, атап айтқанда,



шылымның, алкогольдің, есірткінің адам ағзасына зияны, олардың әсерінен туындайтын аурулар, олардың алдын алу жолдары туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар қатысушылар салауатты өмір салтын ұстанып, денсаулық арқылы үлкен жетістіктерге жету жолдарына бағыттауға белгілі спортшылар жайлы, емдік дене шынықтыру, тазалық гигиенасы, дұрыс тамақтану туралы «Салауатты өмір – жарқын болашақ» атты кітап көрмесімен танысты.

Жарқын ЕРАЛПНА,
М.Ықсанов атындағы
Қызылорда политехникалық
колледж кітапханашысы.

ТҮРҒЫНДАРҒА КЕҢЕС БЕРІЛДІ

Дүниежүзілік Артериялық гипертониямен күрес күніне орай 10-16 мамыр аралығында «Артериялық қан қысымыңызды бақылай отырып, өміріңізді басқарыңыз!» ұранымен №1 қалалық емханаға қарасты «Айтбек» сауда орталығында кең көлемді акция өтті.

Мамандар тұрғындардың қан қысымын өлшеп, қандағы холестерин мен қант деңгейін тексеріп, дене салмағы мен бойын анықтап, дәрігерлік-медициналық кеңестер беріп, ақпараттық-танымдық материалдар таратты.

Адам бұл дертке шалдыққанын білу үшін жүректі электрокардиографияға түсіруі, қандағы қант пен холестерин мөлшерін анықтауы, кардиолог, окулист, невролог, эндокринолог дәрігерлердің кеңесіне жүгінуі керек.



Артериялық қан қысымын өлшеу, кейде тіпті белгілері білінбейтін гипертонияны анықтаудың негізгі әдісі болып табылады.

Аурудың алдын алу жолдарының маңызы зор. Бұл дертке шалдыққан жағдайда май тұтынуды азайту керек. Зиянды әдеттерден аулақ болған жөн.

Индира АХМЕДОВА,
№1 қалалық емхана
СОСҚ маманы.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ, ИНФЛЯЦИЯ, ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ, «INVEST ONLINE», «7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ жайлы

Осы және басқа да тақырыптарға Қазақстан Ұлттық Банкі Қызылорда филиалының директоры Асет Мұстафин былайша түсініктеме береді

Базалық ставка жайлы

Бүгінгі таңда Қазақстанда бірқатар макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша онды көрсеткіштерге қол жеткізілді. Осының нәтижесінде қаржы, бағалы қағаздар нарығында, сондай-ақ несиеу бойынша қолайлы ахуал қалыптасып отыр. 2018 жылдың 17 сәуірінде Қазақстан Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемесі +/-1% дәлізімен 9,25%-ке төмендету жөнінде шешім қабылдады. Осыған орай, инфляциялық үдерістер төмендеді. Ұлттық Банк болжамы бойынша 2018 жылы инфляция 5-7 % деңгейінде қалыптасатын болады.

Сыртқы нарықта Қазақстан үшін қолайлы жағдай қалыптасып отыр. Мұнайдың орташа бағасы барреліне АҚШ-тың 65 долларынан жоғары көлемінде қалыптасуда. Негізгі сауда әріптестердің инфляция бойынша көрсеткіштері қалыпты деңгейде сақталуда. Осыған орай Ұлттық Банк ақша несие саясатын қатаң ұстауды қажет деп есептемейді. Ұлттық Банк бұл орайда 2018 жылы базалық мөлшерлемесі одан әрі қысқартуды болжамдап отыр.

Облыстық қаржы нарығы жайлы

Қызылорда облысының аумағында 12 екінші дәрежелі банктің филиалдары жұмыс істейді. Сонымен қатар, Қазпошта АҚ - 1 филиалы, микроқаржы ұйымдарының 11 филиалы бар.

Қазақстандағы АҚ «Qazaq Bank» және «Астана банк» ұйымдарында болған қиындықтар олардың филиалдары облыста болмағандықтан, біздің аймақ тұрғындары үшін келенсіздіктер тудырмады.

2018 жылдың 1 сәуірінде депозиттер көлемі 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10,2 % артып 114,7 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 26,2 млрд теңгеге азайып, ал жеке тұлғалардың депозиттері 88,4 теңгеге ұлғайды.

2018 жылдың 1 сәуіріне облыс экономикасының несиеу көлемі 169,2 млрд теңгені құрады. Бұл 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 15,3 % жоғары.

2018 жылдың бірінші тоқсанында екінші дәрежелі банкілер 37,4 млрд теңге несие берді. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 27,2 % жоғары.

Шетел валютасына қарағанда ұлттық валютамен несие беру көлемі ұлғайып келеді. Теңге несиелерінің үлес салмағы 97,2 % көлемін құрады. Жыл басынан бері кіші кәсіпкерлік субъектілерінің банк алдындағы берешегі 3,7 %-ке ұлғайды.

Жалпы несиелер бойынша тұтастай алғанда өтеу мерзімі өтіп кеткен несиедердің көлемі 9,7 млрд теңгені немесе жалпы қарыздың 5,7 %-ін құрайды.

Облыстың айырбастау пункттерінде 2018 жылдың 3 айында 20648,9 мың АҚШ доллары сатылып, 13136,6 мың АҚШ доллары сатып алынды. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда шетел валютасының белсенділігі біршама төмендегені байқалады. Сонымен бірге евро сату көлемі азайды, ессеніе евроны сатып алу көлемі ұлғайды. Ресей рублимен операция жасау ұлғайды. Бұл жағдайды Қытай валютасы жөнінде де айтуға болады.

2018 жылдың 1 сәуіріне өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда Қызылорда облысында төлем карталарын ұстайтындардың саны 12,4%-ке 484,7 мың адамға дейін артты, айналымға жіберілген төлем карталарының саны да 14,2%-ке 544,3 мың бірлікке дейін өсті.

Қаржы қызметін тұтынушылардың құқығын қорғау. 2018 жылдың І тоқсанында Қазақстан Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалына микроқаржы ұйымдарынан қаржы қызметін тұтынуға, осыған байланысты тұтынушылардың құқығын қорғауға 82 жазбаша шағым, оның ішінде жеке тұлғалардан – 79, заңды тұлғалардан 3 шағым келіп түсті. Филиалдың

қоғамдық қабылдауында кеңестер беріліп, 83 азаматқа құқықтық көмек көрсетілді.

«Invest Online»

2018 жылдың наурызында Ұлттық Банктің «Invest Online» инновациялық өнімі шығарылды. Онда бірінші рет «блокчейн» технологиясы қолданылды. Осы мобильді қосымшаны пайдалана отырып, қазақстандықтар онлайн режимінде қаржыларын Ұлттық Банктің ноталарына сала алады. «Invest Online» жүйесінің жұмысы негізіне 3 инновациялық шешімдер енгізілген.

Аталған жүйе өзінің технологиялық мүмкіндігіне орай Ұлттық Банктің бағалы қағаздарымен ғана емес, сондай-ақ IPO жүйесімен, оның ішінде халықтың қаржысын тарта отырып, ірі қазақстандық компаниялардың бағалы қағаздарымен жұмыс істей алады. Сонымен бірге Ұлттық Банк «НБК Online» бағдарламалық жүйесін іске қосты. Ол халыққа Ұлттық Банкпен өзара іс-қимыл жасаудың маңызды құралы болып табылады.

«7-20-25» бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің бес әлеуметтік бағдарламасы шеңберінде Ұлттық Банк «7-20-25» бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті. Бұл бағдарлама әрбір отбасына тұрғын үй алудың жаңа мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Осының негізінде халықтың қалың тобының қолжетімді тұрғын үй алуға мүмкіндігі артаып болады.

Бағдарламаның жеңілдетілген шарты бойынша 25 жыл көлемінде алғашқы жарнасы 20%, мөлшерлемесі 7% жылдық көлемінен аспайтын несие беру қамтамасыз етіледі. Бағдарламаға өзінің жеке үйі жоқ азаматтар ғана қатыса алады. Несие беруге екінші дәрежелі барлық банкет қатысады. Кейін несиеіні банктен Ұлттық Банктің еншілес «Баспана» АҚ арнайы ұйымы сатып алады. Екінші дәрежелі банк берілген несиеіні сатудан түскен қаржыны кейінгі ипотекалық заем-шыларды несиелендіруге бағыттауы болады.

Бағдарлама бойынша ипотекалық тұрғын үй қарызы тек теңгемен берілетін болады. Мұндай жағдайда банкет бағдарлама шеңберінде ипотекалық заемдарды алу және оларға қызмет көрсету бойынша ешқандай да комиссиялық алымдар алмайды.

Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы туралы

Қазақстанда 2015 жылдан бастап ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Осы бағдарлама шеңберінде 23 мыңнан астам қарызгерлерге көмек көрсетілді. Олар өздерінің жалғыз тұрғын үйін сатқан, ипотекалық қарыз бойынша төлемдерді жеңілдікпен төлеуге мүмкіндік алды. Ұлттық Банктің 2018 жылғы 25 наурыздағы қаулысы бойынша қайта қаржыландыру бағдарламасының жаңа редакциясы бекітілді. Бұл бағдарлама бойынша 2016 жылдың 1 қаңтарына дейінгі жеке тұлғалардың валюталық ипотекалық қарыздары және сот актілері шығарылған қарыздар Ұлттық Банктің 2015 жылғы 18 тамыздағы (188,35 теңге) бағамы бойынша қайта қаржыландырылады. Бағдарламаға енгізілген қосымшалар 21 мың қарызгердің қарызын тиімді жолмен өтеуге мүмкіндік берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде банк секторын сауықтыру бойынша тиісті шаралар қабылдау қажеттігін айтқан болатын. Осыған орай Ұлттық Банк қазірдің өзінде Қазақстан Республикасының банк қызметтерін реттеу бойынша заң актілеріне өзгертулер енгізуге байланысты кешенді шараларды қабылдауға кірісті.

СЫНАМА ТЕСТІЛЕУ ҚАЙТА БАСТАЛДЫ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев айқындаған 5 институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша қабылданған «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының 1-қадамын іске асыру мақсатында мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімдері жаңғыртылды.

Бұл ретте, конкурстық негізде төмен тұрған лауазымнан бастап жоғары тұрған лауазымға тек позиция бойынша кемінде бір жыл еңбек өтілі бар болған жағдайда кезек-кезеңмен мансаптық есу қағидаты заңды түрде бекітілді. Осылайша, мемлекеттік қызметке орналасу кешенді іріктеу мен жұмысты төменгі лауазымдардан бастаудың нәтижелері бойынша жүзеге асырылып келеді.

Бұл үшін қызмет атқарып жүрген азаматтардың лауазымға орналасу басымдығын қарастыратын, ішкі және жалпы конкурстар институты енгізілді.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметке азаматтарды іріктеудің үш деңгейі қарастырылған. Оның алғашқы деңгейінде үміткердің заңнамалық біліктілігі тест арқылы анықталса, екіншісінде іскерлік қасиеті бағаланады. Соңғысы – кәсіби біліктілігіне қатысты өңгімелесуден өту.

Жыл басынан бері іріктеудің бірінші кезеңіне, яғни, тестке 791 адам қатысып, оның 38 проценті шекті мәннен төмен емес нәтижеге ие болған.

Аталған тестілеуден өтуге дайындалып жүрген азаматтардың өз деңгейін тексеріп көруі үшін мамыр айынан бастап мемлекеттік қызметке түсуге ниетті азаматтарға сынама тестілеу басталды.

Сынама тестілеуге қатысу үшін «Персоналды басқару орталығы» акционерлік қоғамының өңірмізіндегі маманына алдын ала 8-747-120-30-09 нөміріне қоңырау шалу арқылы жазылуға болады. Ол үшін операторға бар болғаны үміткердің жеке сәйкестендіру нөмірі мен байланыс телефоны қажет.

Содан соң кез келген банк бөлімшесіне барып, азамат бірінші рет сынама тестілеуге қатысатын болса, 3600 (үш мың алты жүз) теңге төлеп, түбіртек пен азаматтың жеке куәлігінің түпнұсқасымен Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 мекенжайы бойынша орналасқан тестілеу залына келуі керек.

Сынама тестілеуден қайтадан өтуге ниет білдірген азаматтар 2000 (екі мың) теңге төлеп, республиканың кез келген тестілеу залында тестілеуден өтуіне болады.

Қосымша ақпаратты «www.htm-gov.kz» сайтынан немесе 8 (7242) 70-56-26 телефон нөміріне хабарласып біле аласыздар.

Е.САРЫМБЕТОВ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы.

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА.

Меншік иесі



жауапкершілігі
шектелуі
серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті
жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша
төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында
қатталып, "Сыр медиа" ЖШС
өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне
хабарласуға болады.

Таралымы 30515
Тапсырыс №752

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz